



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

адаптации в обществе вообще и в семье в частности.

В Австрии распространены SOS-детские деревни, где дети растут почти в семейных условиях и выходят во взрослую жизнь более подготовленными.

Поэтому, как считает Александр Гезалов, первичной задачей детских домов в Казахстане должно стать преобразование их в центры профилактики сиротства, благодаря чему можно будет возвращать к нормальной жизни в семье или с родственниками почти 40 процентов воспитанников. [6, 31 –с.]

Пока же для решения существующих проблем разработана модель постинтернатного сопровождения, включающего в себя организацию психологических консультаций и тренингов по общению, разрешению конфликтов, уверенности в себе; проведение практических занятий по финансовой грамотности и трудоустройству; организацию курсов по ведению домашнего хозяйства, семейной гостиной, проведение консультаций юриста.

Как сообщает статистика, всего в Казахстане на начало 2013 года зарегистрировано 35 тысяч детей, оставшихся без попечения родителей. За последние 14 лет усыновили 47 421 детей, 8 806 из которых воспитываются за рубежом, и большинство опекунов-иностранцев являются гражданами США. 65% приемных детей страдало заболеваниями, требующими вмешательства хирурга. Такая же тенденция прослеживается, если рассматривать Западно-Казахстанскую область. С 1999-го года по региону было усыновлено 669 детей, причем 61% из них усыновили американцы. И опять же многие дети, усыновленные гражданами США, нуждались в операции.

Решение обозначенных проблем без совместных усилий и конкретных мер государства и общества в целом невозможно. Без действенных механизмов реализации государственной политики в интересах семьи, материнства и детства, основным направлением которой является совершенствование законодательства, также невозможно обеспечение достойного воспитания детей в семье в условиях безопасности, защиты и заботы, в рамках системы образования, здравоохранения и культуры.

Литература

1. Материалы по подготовке Парламентских слушаний «О состоянии и перспективе развития образования в Республике Казахстан» Астана, 2002.
2. Конвенции о правах ребенка. Документы ООН о детях, женщинах и образовании. Сб. документов. М.: Народное образование. 1995. С.7-33.
3. Проблемные моменты: деятельность ЮНИСЕФ в независимом Казахстане / Детский Фонд ООН (ЮНИСЕФ), 2001.
4. Закон Республики Казахстан «О ратификации основного соглашения о сотрудничестве между Правительством РК и Детским Фондом ООН» // Ведомости Парламента Республики Казахстан 2001. №9. ст.83.
5. Закон Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан» //Казахстанская правда. 2002. 13 авг.
6. Доклад Региональной конференции на тему «Дети, лишившиеся попечения родителей: права и реальность. //Региональное отделение ЮНИСЕФ для стран ЦВЕ/СНГ и государств Балтии. Будапешт. 2001. С.31.

УДК.37.013.77

«ЖАСТАР ТӘЖІРИБЕСІ» - ЖАСТАРДЫ ЕҢБЕКПЕН ҚАМТУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ НЕГІЗІ

Исмағұлова Сандуғаш Жаркенқызы
ms.s94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Әлеуметтік ғылымдар факультеті Әлеуметтік жұмыс мамандығының 4 курс студенті,

Жастар – мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларының қалыптасу кезеңінде ерекше белсенділік танытып, тұтас қоғамның негізгі қозғаушы күші болған әлеуметтік-демографиялық топ.

Жастар жалпы адамзаттың өмірлік циклындағы ең негізгі әлеуметтік және демографиялық жағдайларды бастарынан өткізеді, атап айтқанда: жалпы білімді аяқтау, кәсіп таңдау және кәсіби білім алу, еңбек қызметінің басталуы, неке құру, бала тәрбиелеу кезеңдері. Халықтың бұл категориясы олардың еңбек нарығындағы жағдайын анықтайтын бірнеше топтарға бөлінеді. /3/

Соңғы жылдары елімізде жас мамандардың жұмыспен қамтылуы мәселесіне баса назар аударылып жүргенін байқаймыз. ЖОО бітірген жас мамандарды жұмыс берушілер бірден жұмысқа қабылдауға асықпайды. Ең қиыны жас мамандар бітірген мамандықтары бойынша ғана емес, мардымды жалақысы бар кез келген жұмысты табуға да қиналады. Еліміздің экономикасының қарқынының төмендігін еңбек ресурстарының кәсіби біліктілігінің жетіспеуімен байланыстырамыз. Көптеген экономистер мен зерттеушілердің ойынша, бұл қалыптасқан тенденцияның негізгі себебі –кәсіби білімнің сапасы мен экономиканың қажеттілігіне сай кадрлар дайындау құрылымының сәйкес келмеуі жатады. Жастар арасындағы жұмыссыздық жыл санап артып, нәтижесінде жас маман оқу орынын бітірген негізгі мамандығы бойынша емес, қосымша жұмыс көзін табуға ұмтылады. Бұл өз кезегінде елдің экономикасына айтарлықтар кесірін тигізіп отырғаны мәлім.

Сонымен қатар, ЖОО бітірген жас мамандардың тәжірибесіздігі, еңбек ұжымына бейімделуі мәселесі де қоғамда өзекті болып табылады.

Жастар арасындағы жұмыссыздықтың негізгі себептері:

- білім деңгейінің жетіспеушілігі,
- төменгі кәсіби дайындық,
- өндірістік тәжірибенің аздығы,
- еңбек нарығындағы сұраныс жағдайымен аз ақпараттану
- тым жоғары бәсекелестік

Елімізде 14-29 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (2014 жылдың соңғы кварталы мәліметімен) 4,3%-ды құраған. Жалпы жұмыссыздық көлемі 5,0%. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 1,1%-ға төмендеген (2013 жыл 5,4%). /2/

Зерттеулерге қарағанда еліміздегі ЖОО-дарының түлектері жұмысқа орналасу барысында келесідей факторларға баса назар аударатыны анықталды: жақсы еңбек ақы және қосымша табыс табу мүмкіндігі (85%); қызықты жұмыс (61%); еңбек қызметін өздігінен жоспарлау мүмкіндігі (34%); еңбек күнінің еркін режимі (31%); отбасына көңіл бөлу, бос уақыт (30%). Ал, қызметте өсу немесе қосымша шығармашылық қызметтер мотивациясы тек әрбір 6-шы түлекке маңыздылығы бар болып шықты. /3/

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастар заманауи еңбек нарығы туралы, еңбек қатынастары саласындағы өздерінің құқықтары мен міндеттері жайлы, кәсіби мансапты қалыптастыру туралы білімдерінің төмендігін дәлелдейді. Жастардың бәсекеге қабілеттілігі аз және олар еңбек нарығының толық субъектісіне айнала алмайды. Еңбек нарығына ең алғаш қадам жасағанда болашақ мамандығы, еңбектік және кәсіби мансабы туралы жас маманда идеалистік түсінік пайда болады. Және лайықты еңбек орнына орналаса алмай қалған жағдайда қиын әлеуметтік-психикалық күйдің туындауына алып келеді (дабыл, депрессиялық күй, өзін кінәлі сезіну комплексі). /3/

Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында: «Әлемнің әміршісі – еңбек. Тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана қиындықты жеңбек» дей келе, барлық қазақстандықтарды ел игілігі жолындағы еңбекке шақырды. Бүгін де еңбекті ХХІ ғасыр жағдайындағы шешуші ұлттық факторы ретінде,

жаһандық бәсекелестік жағдайында, индустриалдық-инновациялық бағдарламаны орындауда алдыңғы кезекке шығаруды ұсынды. Әрине, Елбасының бұл стратегиялық тапсырмасын орындауда ел жастарының рөлі аса зор. /1/

Жастардың еңбек нарығына енуі айтарлықтай қиындықтар мен қарама қайшылықтар туғызады. Оның басты себебіне – жастар мамандық таңдау барысында оның еңбек нарығындағы қажеттілігіне емес, қоғамдағы беделі мен абыройына аса мән беруін жатқызады. Осыған орай ЖОО бітірген түлектердің басым бөлігі өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмайды, немесе мүлде жұмысқа орналаспайды. Бұл өз кезегінде жастар арасындағы жұмыссыздықтың артуына алып келеді. Нәтижесінде жастардың осы бөлігінің біліміне салған қаражат өзін-өзі ақтамай жатады. Қазіргі уақытта жастардың еңбек нарығындағы мәселелерді атап өтетін болсам:

- Базалық кәсіби білімі бар жас мамандарды еңбекпен қамтуға бағытталған шаралардың тиімділігінің төмендігі

- Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс жағдайының бірегей ақпараттық базасының жоқтығы.

- Жұмыссыздықты азайту мақсатында мемлекет жүзеге асырып жатқан жобалармен, бағдарламалармен жастардың толық дәрежеде ақпараттандырылмауы.

- Еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар тізімімен жастардың аз ақпараттандырылуы, насихаттау жұмыстарының аздығы.

- Жастардың инновациялық потенциалының танылуы мен жүзеге асырылуының жеткіліксіздігі

- Жастар кәсіпкерлігінің дамуына көп көңіл бөлінбеу мәселесі тағы бар, әсіресе жергілікті деңгейде қолдаудың аздығы. бұл бағыттағы жұмыстар негізінен жастарды қайта даярлау немесе оқытумен ғана шектеліп отыр.

Бұл мәселенің қоғамдағы маңыздылығын ескере келе, мемлекет бұл бағытта күрделі шешімдер қабылдай бастады. Соның ішінде елдегі жастарды жұмыспен қамтуды бірден бір мақсат етіп отырған «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Бағдарламаға қатысушылардың арасында жастар – белсенді топ болып саналады. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысымен «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Осы аталған бағдарламаның үшінші бағытына (жұмысқа орналасуға оқыту және әрекеттесу, жұмыс берушінің қажеттіліктері аясында қоныс аудару) сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 тамыздағы № 972 қаулысы шешімен жұмыссыз жастарды еңбекке орналастыру мақсатында «Жастар тәжірибесі» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. «Жастар тәжірибесінің» негізгі мақсаты – ЖОО тәмамдаған түлектердің арнайы алған кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтауына бағытталған.

Жастар практикасын» ұйымдастыру, қаржыландыру және оның шеңберінде техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының түлектері қатарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру тәртібін айқындайды. /4/

«Жастар практикасынан» өту үшін жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған түлектер және осы жұмыс орындарын ұйымдастырған жұмыс берушілер туралы мәлімет «Еңбек нарығы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде орналастырылады./4/

«Жастар практикасы» жұмыс берушілерде олардың меншік нысанына қарамастан ұйымдастырылады. «Жастар практикасы» уақытша жұмыс орындарын құру арқылы ұйымдастырылады және мынадай ерекшеліктері бар:

- 1) арнайы түлектердің алған кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтауына арналған;

2) «Жастар практикасына» қатысушыларға еңбекақы төлеу мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі;

3) жұмыс орындарының саны шектелмеген, жұмыс уақытша сипатта болады және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын пайдалануға болмайды;

4) жолданатын түлектер уәкілетті органда немесе халықты жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелуге және олардың жасы 29-дан аспауға тиіс;

5) жолдама беру сәтінде жолданатын азаматтар үшін уәкілетті органда және халықты жұмыспен қамту орталығында лайықты тұрақты жұмыс болмаған болуы керек. /4/

Бағдарлама басталғалы бері жастар тәжірибесіне қатысушылардың саны 65 мыңнан астам жасты құраған. /2/

Бағдарламаның жүзеге асырылу барысында жұмыс берушілер жас бітіуші түлекке немесе жас маманға мекемеден бір қызмет орнын ұсынып, оның еңбек нарығына бейімделуі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру және тәжірибе жинауына ықпал етеді. Алайда, жастар тәжірибесі мәселені толығымен шеше алмайтындығын айта аламыз. Бұлай дейтін себебіміз бағдарлама қатысушыларының өздері атап өткендей бірнеше мәселелердің кедергі болуы. Атап айтатын болсам, бағдарламаның нәтижесі жұмыссыздар санын айтарлықтай азайта алмай отыр, яғни тұрақты жұмысқа орналастыру деңгейінің төмендігі, жас түлектер арасында ақпараттандырылу деңгейінің төмендігі сияқты мәселелер туындап отырғаны рас.

Алайда қазіргі таңда елімізде жас түлектерді қолдау мен олардың арасындағы жұмыссыздық деңгейін азайту мақсатындағы уақытша жұмыс орындарын құру жұмыстары, яғни жастар практикасын ұйымдастыру – жастардың еңбек нарығын қолдаудың негізі болып табылады. Және ол басқа мемлекеттік бағдарламалармен салыстыра алғанда ең тиімді жол болып саналады.

Қолданылған әдебиет

1. Жастарды еңбекпен қамту – Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуының ұлттық шешуші факторы // Исакова К., Шалбаев Е. – Қазақстан мұрағаттары, 2012 ж. №3 (23), 6-9 б.

2. ҚР Статистика Агенттігі

3. Проблема безработицы и занятости среди молодежи. / Тулегенова А.У., Джумашева Г.Г./ Ғылым және білім, 2011ж, №4(25), 122-125 б.

4. www.mzsr.gov

УДК 316.612:37.018.1

ТҮЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНДЕГІ АТА-АНА МЕН АТА-ӘЖЕНІҢ РОЛІ

Ильясова Назым Маратқызы

ilyassovan@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, психология мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан,

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Отбасында, оның мүшелерінің әлеуметтік рөлімен анықталатын құрылымы бар: ері мен әйелі, әкесі мен анасы, қызы мен ұлы, апайы мен ағасы, атасы мен әжесі. Солардың негізінде тұлғааралық қарым-қатынастар құрылады. Ата-ананың рөлі барлығын қамти алады және көп қырлы. Балаларға қамқор көрсетуден басқа, олар тұлғаның құрылуына, оның әлемге қатынасына, өзінің «Менін» тәрбиелеуге әсерін тигізеді.

Бала үшін отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас өте маңызды. Әсіресе үлкендердің оған қатынасын білу. Тәрбие әдістері мен тұлғааралық қарым-қатынастар туралы ата-аналардың арасында қарама-қайшылықтардың болуы, балаға ненің жаман, ненің